

## NUCLEAR TRUTH PROJECT PROTOCOLS TRANSLATED KAZAKH/QAZAQ

### Кіріспе

"The Nuclear Truth Project" (қаз. Ядролық шындық жобасы) – байырғы халықтар мен алғашқы ұлттардың адамдарын, зардап шеккен қауымдастық мүшелерін, халықаралық және азаматтық қоғам ұйымдарын, сарапшыларды және ядролық қаруды жою үшін жұмыс істейтін үкіметтерді біріктіретін халықаралық бастама.

Бұл Хаттамалар "Ядролық шындық жобасының" негізі ретінде көптеген айлар бойы ядролық қару майданында зардап шеккен халықтар мен олармен одақтас адамдар арасындағы талқылау барысында әзірленді. Қауымдастықтар мен ұйымдар бұл Хаттамаларды қабылдап, өздеріңе бейімдеп алуға ыңғайлы және нақты, өміршең құжат ретінде ойластырған.

### **"ЯДРОЛЫҚ ШЫҢДЫҚ" ЖОБАСЫ**

#### **Құқықтар, құрмет және өзара түсіністік**


#### **Ядролық саладағы шындықты адал түрде іздеуге арналған Хаттамалар**

Біздің ойымызша, хаттамалар – жеке тұлғалардың, ұйымдардың және қауымдастықтардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынаста болу, сыйластық, саналы және екіжақты я өзара қарым-қатынас орнату тәсілі. Хаттамалар өзімізді әрі кеңістігімізді дайындауға көмектеседі.

Ядролық зияннан зардап шеккен қауымдастықтар үшін хаттамалар сол зиянды өтеу барысындағы адамдардың өмірлік тәжірибесін негізге алып отыруға көмектеседі. Біз өзімізді және кеңістігімізді ашық, есеп беретін және қауіпсіз болуға дайындау үшін жұмыс істеп келеміз.

Азаматтық қоғам қызметкерлері, үкіметтер, ғалымдар, медицина қызметкерлері немесе сырттан басқа мамандар үшін бұл хаттамалар зардап шеккен қауымдастық мүшелерімен жұмыс істеуге немесе өзара әрекеттесудің бастапқы нүктесіне жақындаған кезде жалпы нұсқаулар береді.

Ядролық зияннан зардап шеккен әрбір қауымдастықтың өмірлік тәжірибесі бойынша бірегей эксперттілігі бар. Олардың көбінде қауымдастықтан тыс адамдармен қарым-қатынасқа қатысты өздерінің әдет-ғұрыптары не хаттамалары болады және сезімтал мәселелерді шешу кезінде қолданылуы мүмкін заңдар я тәжірибелер болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді және ұрпақтар арасындағы жарақаттар мен денсаулыққа тұрақты әсер ететін салдарды зардап шеккен қауымдастық мүшелеріне кез келген түрде әрекеттескенде ескерген жөн.



## NUCLEAR TRUTH PROJECT PROTOCOLS TRANSLATED KAZAKH/QAZAQ

Бұл хаттамалар халықтың осал топтарын қорғауға, одан әрі жарақаттанудан және оларға зиян келтіруден қорғауға, сондай-ақ қалпына келтіру және көмек көрсету бойынша кез келген күш-жігерді ядролық қызметтен туған тарихи және болашақтағы кез келген зиянын жою жұмыстарына бағытталуын қамтамасыз етуге бағытталған.


Бұл хаттамалар – қауымдастықтар, жеке тұлғалар немесе ұйымдармен қолдануға немесе бейімделіп өзгертілуге қолайлы, нақты жұмыс істейтін өміршең құжат.

Біз ядролық қарудан зардап шеккен қауымдастықтардағы құрбандармен/аман қалғандармен, байырғы халықтармен және алғашқы ұлттармен бірге не олармен қарым-қатынаста ядролық шындық пен құралдарды қорғау үшін жұмыс істейтіндер осы негізгі хаттамаларға – құқықтарға, құрметке және өзара түсіністікке сәйкес келетін тәжірибелерді қарастыруға және орнатуға міндеттенуі керек деп қолдаймыз

### **ҚҰҚЫҚТАР**

Зардап шеккен қауымдастықтармен қатар я олармен бірге жұмыс істейтіндер өз жұмысында, қызметінен күтілетін салдары үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, істі соңына дейін жеткізе отырып, бір-біріне құрмет танытатын қарым-қатынас пен ақыл-кеңес береді деп күтіледі. Сонымен қатар атомдық қарудан зардап шеккен қауымдастықтар мен халықтардың келесі нәрселерге құқығы бар екенін мойындаңыз:

- Қалыптасқан байырғы құқықтар шеңберін (Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының байырғы халықтардың құқықтары туралы декларациясында көрсетілгендей) және мәдени сабақтастықты, өмір сүруді және тұтастықты қорғау үшін қауымдастықтардың кез келген жергілікті хаттамалары мен тәжірибелерін түсінумен жұмыс істеуге құқығы бар
- Мәдениет, қоғамдастық және жергілікті заңдардың талаптарына сәйкес ақпаратты жинау, пайдалану, қайта шығару және тарату туралы нақты және келісілген келісімдерді өзірлеуге құқығы бар
- Қауымдастықтың мүшелері бұл жұмысқа саналы, еркін түрде қатысатыны және бас тарта алатыны, өзінің жеке басын ашып көрсетуге құқы бар екенінен хабардар және оған келіскенін дәлелдеуге құқығы бар.
- Жеке ақпарат пен деректерді қорғаңыз және жеке адамдар немесе қауымдастық сұрағандай құпиялылықты сақтауға құқығы бар
- Зияткерлік және мәдени меншік құқықтарының тиісті түрде қорғалуын және жеке адамдар немесе қауымдастықтар бөлісетін барлық білімге қатысты атрибуция мен кредиттердің анық болуын қамтамасыз етуге құқығы бар



## NUCLEAR TRUTH PROJECT PROTOCOLS TRANSLATED KAZAKH/QAZAQ

### ҚҰРМЕТ

Ядролық іс-әрекеттер көптеген зардап шеккен адамдар мен қауымдастықтарға, соның ішінде ұрпақаралық жарақаттар мен зиянды алғанда, айтарлықтай зақым келтірді және бұл өмірлік тәжірибені растау және құрметтеу қажет. Көптеген қауымдастықтар үшін адамдар, жануарлар және барлық тіршілік иелері, сондай-ақ жерлер, ауа, мұхиттар мен сулар арасындағы байланыс жауапкершілік пен қамқорлық тұрғысынан бір-бірінен ажырамас екенін түсініңіз.


Атомдық қарудан зардап шеккен қауымдастықтардың ішінде, олармен бірге немесе олармен жұмыс істейтіндер, келесі тәжірибелер мен принциптерді ұстануды қарастырыңыз:

- Бұдан әрі зиян келтіретін немесе бар зиянды күшейтетін ештеңе жасамаңыз
- Өз көзқарастарыңызда теңдік, адалдық және әділет принциптерін ұстаныңыз
- Мұқият немесе белсенді тыңдау тәжірибесін ұстануға, рухты және адалдықты негізге қоя отырып жұмыс істеуге міндеттеніңіз
- Сыйластық негізінде коммуникация жасау қажеттігін есте сақтаңыз. Бұл жазбаша, ауызша аударманы қамтамасыз етуді немесе жеке тұлғалардың сауаттылығына қойылатын талаптарды ескеруді қамтуы мүмкін. Техникалық жаргоннан аулақ бола отырып, барлығына түсінікті және өзара әрекеттесуге болатын деңгейде қарым-қатынас жасаңыз
- Суреттерді пайдаланудың тиісті әдістерін үйренуге және ұстануға, әсіресе қауымдастықтың марқұм мүшелері үшін қамқорлық жасаңыз
- Платформаны қажет болған жағдайда мүдделі тұлғаның/адамдардың нақты жазбаша келісімін алып қана жариялаңыз немесе қабылдаңыз
- Қауымдастықтарға не жеке адамдарға жүгінген кезде мотивтеріңізде, тәжірибелеріңізде және күтілетін нәтижелеріңізде ашықтықты көрсетіңіз
- Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, ақсақалдарға немесе зардап шеккен қауымдастықтарға бармаңыз

### ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК (екіжақты қарым-қатынастар)

Екіжақты қарым-қатынастар немесе өзара түсіністік – көптеген қауымдастықтар үшін негізгі ұстаным. Бөлісу және ынтымақтастық ниетімен асыра белсенді және өктем, экстрактивті, отаршыл қатынастардан аулақ бола отырып, сыйластық, өзара (екі жақты) және жағымды қарым-қатынас орнату ниетімен жұмыс істеңіз.

- Жеке адамдар мен қауымдастықтардан жиналған ақпарат пен деректер (соның ішінде хикаялар, зерттеулер және т. б.) білімді өткізуі мен өндірісін



## NUCLEAR TRUTH PROJECT PROTOCOLS TRANSLATED KAZAKH/QAZAQ

қамтиды, сондықтан бұл қауымдастықтарға әсер ететін ресурс екенін мойындаңыз

- Мүмкіндігінше ресурстар мен кірісті бөлісудің кез келген мүмкіндіктерін, соның ішінде шәкіртақылар я басқа қолдау арқылы іздеңіз
- Мүмкіндігінше әлеуетті арттырыңыз, мысалы, жергілікті жерде жұмыс істеуге, оқуға, көмек көрсетуге немесе машықтарды дамытуға мүмкіндіктер беру арқылы
- Жиналған барлық деректердің я материалдардың қауымдастық мүшелеріне немесе өкілді ұйымдарға, сондай-ақ оларды ұсынған адамдарға бөлісуін немесе берілуін қамтамасыз ету арқылы қауымдастықтың меншігі болып қалуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс істеңіз
- Қауымдастық мүшелері сияқты, үшінші тарап зерттеушілері де қатар қауымдастық үшін немесе олармен бірге жұмыс істейтін тарап ретінде қауымдастықтарға есеп беретінін мойындаңыз.

\* "Ядролық шындық" жобасының Хаттамалары – "тірі", өміршең құжат. Бұл нұсқа 2023 жылғы қазанда зардап шеккен қауымдастық мүшелерімен ақылдасқан соң жарияланды. Қосымша ақпарат алу үшін біздің веб-сайтқа өтіңіз: [www.nucleartruthproject.org](http://www.nucleartruthproject.org)

Хаттамалардың қазақ және орыс аудармаларына үлес қосқаны үшін Семейдегі ядролық сынақтардан зардап шеккен қауымдастықтың өкілдеріне – Шәкірбану Мырзахметова ханымға және Дмитрий Веселов мырзаға алғысымды білдіремін.

Бұл аударманы қазақ тіліне 2024 жылғы маусым айында ядролық қарудан зардап шеккен қауымдастықтардың одақтасы және аудармашы Ердаулет Рахматулла жасаған.

This translation in Qazaq (Kazakh) was made in June 2024 by an ally of nuclear-affected communities and translator Yerdaulet Rakhmatulla.